

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Атырау облысы

№87

2024-04-15

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "№7 Атырау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор міндетін атқарушы Умбеткалиева Нурханим Аубекеровна атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "ДОС-7" ЖШС, жарғы негізінде әрекет ететін Директор Даумшаров Куаныш Серикович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 39 бабы 3 тармағы 4 тармақшасы және Атырау облысы әкімінің 07.04.2024 жылғы №3 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) техникалық ерекшелігі көрсетілген тауарлар тізбесі және жеткізу шарты (1-қосымша);

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа №1 қосымшада айқындалады және ҚҚС-мен бірге 1 565 100 (бір миллион бес жүз алпыс бес мың бір жүз) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына емхананың **бюджеттен тыс қаражаты есебінен** ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электронды шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 1 565 100 (бір миллион бес жүз алпыс бес мың бір жүз) теңгені құрайтын Шарттың жалпы сомасының 46953 (қырық алты мың тоғыз жүз елу үш) теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 206 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұсқа тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге тауарларды қабылдап алу-беру актісін ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

- 1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;
- 3) тауарды қабылдап алу кезінде Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға. Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;
- 4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;
- 5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

- 1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;
- 2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 1-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 1-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;



2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 Немесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін әкелген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге телефон не электронды пошта арқылы хабарлайды.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз

міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 26-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не WhatsApp желісі арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.


12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.


12.5 Шарт қағаз жүзінде жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ тілінде екі данада жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының
"№7 Атырау қалалық емханасы" ШЖҚ КМК
Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы,
39
БСН 110240008679
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ456010141000143326
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 87122467353
Директор міндетін
атқарушы  Умбеткалиева Н.А.

Өнім беруші : "ДОС-7" ЖШС
Қазақстан, Атырау, Өркен 2 ықшам
ауданы, Игілік 6
БСН/ЖСН 040540000034
БСК КСЛВКЗКХ
ЖСК KZ108562203127347021
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Кбе 17
Тел.: 87011901081
Директор  Даумшаров К.С.



Сатып алынатын тауарлар тізімі

№	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Техникалық ерекшелігі	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Жалпы сом, тенге	Шарт бойынша тауарларды жеткізу	Жеткізу орындар
1	Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "№7 Атырау	Насос гном	Сорғы түрі Дренаж; Жағдайы Жаңа; Сорғыны орнату әдісі: су асты; ; дана Жанбырды, топырақты және ластанған суды соруға арналған сорғылық дренаждық қондырғы. Қалқымалы қосқыш оны кептіруден қорғайды. Электр қозғалтқышында мыс орамасы бар. Өткізу қабілеті 14 000 л/сағ. Тот баспайтын болаттан жасалған корпұс коррозияға ұшырамайды, бұл сорғының қызмет ету мерзімін арттырады. Ынғайлы тасымалдау - DN 950 T дренаждық сорғы оңай тасымалдауға арналған тұтқасы бар жасалған. Автоматты қосу/өшіру - қалқымалы механизм су деңгейі жоғары болған кезде сорғыны қосады және су деңгейі төмен болғанда өшеді. Әмбебап қосылым - әртүрлі типтегі шлангтарды қосуға арналған әмбебап елшемді құбыр; Сенімділік – баспайтын болаттан жасалған корпұс ішкі элементтерді механикалық зақымданудан қорғайды. Мазмұны: Пайдалану нұсқаулары	дана	2	35000	70000	Тараптардың келісімі бойынша	Атырау облысы, Атырау қ. Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39
2	қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы	Ауыз суға арналған тағамдық пластикалық контейнерлер өнімінің арналған ыдыс (емкость/тонник)	сенімділігін, беріктігін және беріктігін айтарлықтай арттыратын пітссіз және ішкі кернеусіз бүкіл өнімде біркелкі қалыңдығына ие. Көлемі: 1000 л	дана	10	35000	350000	Тараптардың келісімі бойынша	Атырау облысы, Атырау қ. Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39
3	коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Майшам	Шам - бұл бұйым, жарықтандыруға арналған құрылғы (бастапқыда) немесе басқа да мақсаттарға арналған, көбінесе қатты жанғыш материалдан жасалған цилиндр түрінде, ол балқытылған кезде шыбықтың көмегімен жалынға жеткізіледі (фитиль бойымен жүреді). Цилиндр оның ортасы бойынша). Тұрмыстық шамдар – боялмаған, орташа және жоғары тазалықтағы парафиннен жасалған шамдар, қарапайым цилиндрлік пішіні және ақ мөлдір немесе мөлдір емес түсі бар. Ең қарапайым, арзан және кең таралған шам түрі. Көбінесе олар электр қуатының уақытша жетіспеушілігі жағдайында қолданылады. Олар шам ұстағышқа орнатылып, шамды тұрақтырақ етеді	дана	500	400	200000	Тараптардың келісімі бойынша	Атырау облысы, Атырау қ. Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39
4		Қол фонары, батарейкамен қуатталатын	Жарық диодтарын (LED) пайдаланатын шамдар жоғары сапалы, жарқын жарықтандыру үшін тамаша нұсқа болып табылады. Олар энергияны аз пайдаланады, бұл электр қуатын өшіру кезінде оларды тиімдірек етеді. классикалық қол шамы - күнделікті жұмыстарға арналған. қараңғы жолды жарықтандыру, қараңғыда заттарды іздеу. Классикалық прожектор жауу серуендеуге немесе балық аулауға өте ынғайлы - ол суға батпайды және суға жүзу кезінде де жұмыс істейді. Фонардың сәулесі - автокөлік фарасы сияқты жарқырайды, ортасында жарқыраған және нүктесі бар бағытталған жарық. Арқалық ұзындығы – 80 мм, үздіксіз жұмыс уақыты – 27 сағатқа дейін 4 D типті батареядан немесе 1 4R25 батареядан қуат алады. Модель туралы егжей-тегжейлі ақпарат пен фонарь схемасы бар қоралқа салынған Сипаттамалары:Батарея жоқ. Ұзындығы, мм 194 мм, Lantern нұсқасы;Жарық көзі LED; Материал пластик; Жарық ағыны 200 лм.	дана	20	5200	104000	Тараптардың келісімі бойынша	Атырау облысы, Атырау қ. Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39
5		Арба	Жүк көтеріштігі 300 кг, Дене көлемі 78 л, Гальванизацияланған	дана	2	28000	56000	Тараптардың келісімі бойынша	Атырау облысы,

6	Құм/топырақ 15 тонналық	<p>корпус Из:Жағдайы Жана.Артықшылықтары:Сусымалы жүктерге арналған көлемі 78 литр болат қорпуста арбаны сыртқы әсерлерден қорғайтын мырыш жабыны бар.Сипаттама:Арба құрылыс, жөндеу немесе көгалдандыру жұмыстары кезінде жүктерді тасымалдауға арналған. Ұзақ қызмет ету мерзіміне кепілдік беретін жоғары сапалы материалдардан жасалған.Мықты құрылыс, жоғары жүк көтеріштігі, жақсы маневрлік және ұзақ мерзімділік ерекшеліктері.Қолдану: Құрылыс және көгалдандыру жұмыстары кезінде әртүрлі жүктерді тасымалдау үшін қолданылады. Сипаттамалары:Көлемі 78 л.Жүк көтергіштігі 300 кг.;Донғалақ түрі: пневматикалық;Болат подшинник;Салмағы 14 кг.</p>	машина	7	20000	140000	келісімі бойынша	Атырау қ. Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39
7	Полиэтилен пленка	<p>Құмды топырақтың ерекше белгілері: гетерогенді құрылым тығыздығы – орналасу тереңдігіне байланысты. Бұл материалдың жүктемелерге төтеп беру қабілетіне байланысты кеуектілік – минералдық бөлік пен кеуек көлемі арасындағы қатынас. Қоспа үшін бұл көрсеткіш төмен су өткізгіштігі - бұл көрсеткіш қоспадағы құм түйірлерінің үлесіне тікелей байланысты. Бұл көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, қоспаның суды ұстауы соғұрлым нашар болады. жоғары үйкеліс деңгейі - қоспаның суды ұстауы соғұрлым нашар болады, сазды қамтитын ластаушы элементтердің көп болуына байланысты құмнан жоғары болатын қоспаның қасиеті құрамында саздың жоғары болуына байланысты жоғары байланыстыру қабілеті құрылыс материалының жалпы тұтқырлығына және құм түйіршіктерінің орташа мөлшеріне байланысты шаңның аз түзуі</p>	метр	40	500	20000	Тараптардың келісімі бойынша	Атырау облысы, Атырау қ. Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39
8	Қапшық	<p>Полиэтиленді техникалық пленка – жоғары тығыздықтағы полиэтилен қалдықтарынан (LDPE, LDPE) алынатын жабын материалы. Физико-химиялық және эксплуатациялық сипаттамалары бойынша ол бірінші сортты өнімдерден кем түспейді, алайда бұл екі түрдегі материалдардың сыртқы түрі әртүрлі: техникалық пленка қараңғы, мөлдір емес және жиі айқын ісі бар, бұл оның қолданылу аясын тарылтады, тек эстетикалық себептермен.</p>	дана	1000	100	100000	Тараптардың келісімі бойынша	Атырау облысы, Атырау қ. Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39
9	Құрылыс	<p>Құрылыс қорыс қаптары жөндеу жұмыстарына, әрлеу жұмыстарына және құрылыс алаңдарына қажетті зат болып табылады. Олар арзан, практикалық, ыңғайлы және өте берік. Барлық осы қасиеттер олардың қайталануына ықпал етеді. Әмбебап сипаттамалар полипропилен пакетін әртүрлі салаларда қолдануға мүмкіндік береді. Өнім химиялық бейтараптықпен және тығыздықтың жоғары деңгейімен сипатталады. PP қашық сусымалы материалдарды сақтауға және тасымалдауға, тік сақтауға, оның ішінде қойма жабылығы мен сөрелерді пайдаланбай-ақ жарамды. Материал температураның өзгеруі кезінде және жоғары ылғалдылық жағдайында өзінің қасиеттерін сақтайды. Полипропиленді қапшықтар үйінді құрылыс материалдарына, тамақ өнімдеріне, химиялық өнімдерге және қалдықтарға қолданылады. Сусымалы материалдарды орау кезінде тігісі тігісі қозғалыс кезінде деформацияланбайтын және мазмұнның тұтастығын сақтайтын берік қаптаманы қамтамасыз етеді. Олар механикалық кернеуге және зақымдануға төзімді. Серпімді материалды артық құралдарды пайдаланбай кез келген жерде бұруға болады. Көлемі, беріктігі және тығыздығы бойынша ерекшеленетін полипропилен пакеттерінің үлкен тандауы әртүрлі пайдалану салаларында өнімді әмбебап етті. Бұл басқа орау әдістеріне жақсы бюджеттік балама. Көлемі келісіледі.</p>	дана	20	6000	120000	Тараптардың	Атырау облысы,

көбігі

пластик, ағаш. Температураның өзгеруіне төзімділік, -5-тен +90 °С-қа дейінгі диапазондағы бастапқы касиеттерін сақтау мүмкіндігі.
Зат диэлектрик болып табылады. Полимерлеу аяқталғаннан кейін 8 минуттан бір күнге дейін максималды жылдам кату және токсиндерді шығармайды; Полиуретанды көбіктін кейбір түрлері жанбайтын және ылғалға төзімділігі жоғары. Дыбыс жұтатын және дыбыс өткізбейтін сипаттамалар. Сұйық күйінде ол серпімді және серпімді консистенцияға ие, ол тіпті жету қиын ойықтар мен ойықтарды толтыруға мүмкіндік береді және жарылу салдарынан зақымданудан қорғайды. Төмен жылу өткізгіштікке ие. Тіпті ұзақ жұмыс уақытының өзінде ол ең аз 5% шөгуді береді. Зиянды химиялық заттарға төзімділігі жоғары. Күштілігінің жоғарылауымен ерекшеленеді. Полиуретанды көбік - әмбебап оқшаулағыш материал. Оны бос орындар мен жарықтарды толтыру үшін қолдануға болады, сонымен қатар ол жылу оқшаулау мен тығыздау үшін қызмет етеді.

10

Кабель АВВГ
3x10+1x6
(300/бар)
ГОСТ ЕКТ

200 метр

744

148800

11

Переносная
вилка
3р+ре
380В
UNIT NEW

3 дана

2100

6300

12

Ауыз суы
литрлік

500 дана

500

250000

Тапсырыс беруші:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "№7 Атырау қалалық емханасы" ШЖҚ ҚМК

Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, 39
БСН 110240008679

БСК HSBKZKX

ЖСК KZ456010141000143326

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ

Тел.: 87122467353

Директор міндетін

атқарушы *Umetkaliyeva*

Умбеткалиева Н.А.

Өнім беруші : "ДОС-7" ЖШС

Қазақстан, Атырау, Өркен 2 ықшам ауданы, Игілік 6

БСН/ЖСН 040540000034

БСК КСJBKZKX

ЖСК KZ108562203127347021

"Банк ЦентрКредит" АҚ

Кбе 17

Тел.: 8701901081

Директор *Daumenov* К.С.

келісімі
бойынша
Атырау қ. Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39

Тараптардың келісімі бойынша
Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39

Тараптардың келісімі бойынша
Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39

Тараптардың келісімі бойынша
Атырау облысы, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39

